

# ЕУРАЗИЯ АГРАРЛЫҚ КОЛЛЕДЖІ

## Сабақ тақырыбы:

Бағытты білдіретін сөз бен етістіктің байланысы.

Барыс септігі. Кәсіби мәтін: «Мамандық»

Пәні: Кәсіби қазақ тілі

Мұғалім: Джумадилова Акерке Акимовна

Топтар: ВН-217

## САБАҚТЫҢ МАҚСАТЫ

1. Білімділік: Септік жалғаулары, грамматикалық мағыналары туралы түсінік беру, септік жалғауын ажырата алуға машықтандыру.
2. Дамытушылық: Мамандықтар туралы түсініктерін кеңейту, оқу мен жазу арқылы талдай отырып игеруді дамыту
3. Тәрбиелік: ізденіске, өздігінен жұмысты орындай білуге тәрбиелеу

- Атау Зат есімнің түбір тұлғасымен сәйкес келеді. Іс-әрекеттің иесін білдіреді. Жалғауы жоқ Кім? Не? Кімдер? Нелер? Мектеп
- Ілік Заттың кімнің меншігі, неге тәуелді, тән екенін білдіреді. -ның, -нің, -дың, -дің, -тың, -тің Кімнің? Ненің? Кімдердің? Нелердің? Мектептің
- **Барыс Іс-әрекет, қимылдың бағытын, мекенін, мезгілін білдіреді. -ға, -ге, -қа, -ке, -а, -е, -на, -не. Кімге? Неге? Қайда? Мектепке**
- Табыс Іс-қимылдың нысанын білдіреді, затты нұсқайды. -ны, -ні, -ды, -ді, -ты, -ті, -н Кімді? Нені? Мектепті
- Жатыс Қимыл-әрекеттің жүзеге асырылу орнын, мекенін, мезгілін, кімде екенін білдіреді. -да, -де, -та, -те, -нда, -нде Кімде? Неде? Қайда? Мектепте
- Шығыс Заттың мағынасы, іс-қимыл, әрекеттің шығу тегін, мекені, мезгілін білдіреді. -нан, -нен, -дан, -ден, -тан, -тен Кімнен? Неден? Қайдан? Мектептен
- Көмектес Іс-қимылдың амалын, жүзеге асырылу тәсілі бірлескен әрекетін білдіреді. -мен, -бен, -пен Кіммен? Немен? Қалай? Мектеппен

## Барыс септік

1. Берілген сөздерге барыс септігінің жалғауын қосып жаз.

Журнал, дала, сен, су, кітап, дүкен, қала, мектеп, ана, ауыл, үстел

2. Мына сөздерді қазақ тіліне аударып, қай септікте тұрғанын анықта.

В Омск, в аул, в город, к девушке, за мелом, к товарищу, к озеру, за учебником, за стулом, к Айжан, за водой.

3. Жақшадағы сөздерді барыс септігіне қойып жаз.

(к тебе) Әсет келіп тұр. Ол (взять учебник) келіп тұр. Біз (к вам) бара жатырмыз. (Им) сурет көрсет. Самат (домой) жат жазды. (На базар) бар. (В кино) барма, (на собрание) бар.

Адам, өмірінде екі - ақ нәрсесі дұрыс болса болғаны өзін бақыттымын деп санайды екен. Біріншісі - мамандық, екіншісі - адал жар. Қарап отырсақ, жұмыс пен оның аясында отбасында тіршілік ету адам ғұмырының тең жартысын алады екен. Өзіңді мамандықтар әлемінде табу - өзіңнің қоғамға қажетті адам екеніңді сезіну, лайықты қаржы табу, өз қабілеттеріңді барынша көрсету мен сый - құрметке бөлену болып табылады. Жалпы адамның өз мамандығына қаншалықты риза болса, өмірге де дәл солай риза болады екен. Кәсіп таңдау бір жағынан - болашаққа үңілу болса, екінші жағынан, ол - өзінің ішкі жан - дүниесіне үңілу, яғни менің мықты және әлсіз жақтарым мен не істей аламын, табысқа жету үшін маған не қажет деген сауалға жауабыңды табасың.

## Оқып шығып, өздеріңе ұнаған тұжырымды дәлелдендер

- Мамандық бір-ақ рет біржола таңдалады
- Мамандық таңдау қалтаның қалың болуына байланысты
- Отбасы және достарыңның ақылына сүйеніп мамандық таңдауға болады
- Қартайғанда да мамандық таңдауға болады
- Жақсы білім алу үшін қымбат оқу орнына түсу керек
- Ақша болса, мамандық қажет емес
- Мамандық таңдауда психологтің көмегі қажет
- Мамандық таңдаудағы басты өлшем – қызығу мен қоғамдық сұраныстың сәйкестігі
- Таңдайтын мамандығымды болашақ табысым анықтайды
- Мамандық таңдау – күн көріс қамы

## Тестік тапсырма

1. ілік септігінің сұрақтарын көрсет.

а) кімнің? ненің? в) кімге? неге? с) кімді? нені? д) кім? не?

2. Ілік септігінің жалғауларын белгіле.

а) - ға, ге в) - ны, ні с) - ды, ді д) ның, нің, дың, дің

3. Барыс септігінің сұрақтары

а) кім? Не? в) кімді? Нені? с) кімге? Неге? д) кімде? Неде?

4. Барыс септігіндегі сөзді белгіле

а) қалада, далада в) қалаға, далаға с) қаланы, даланы д) қала, дала

5. Табыс септігінің жалғауын белгіле

а) - ны, ты, ті в) - мен, бен, пен с) - ға, қа, ке д) - нан, нен, тан

6. Табыс септігінің сұрақтары

а) кіммен? Немен? в) кімді? Нені? с) кімнен? Неден? д) кімде? Неде?

7. Жатыс септігінің жалғауларын белгіле

а) - ға, ге в) - нан, дан с) - да, та, те д) - мен, бен, пен

8. Жатыс септігінде тұрған сөздерді белгіле

а) үстелде, жерде в) қалаға, ағама с) ер, адам д) менен, сенде

9. Шығыс септігінің сұрақтары

а) кімде? Неде? в) кіммен? Немен? с) кімнен? Неден? д) кімді? Нені?

10. Көмектес септігінің жалғаулары

а) - мен, бен, пен в) - ға, ге, қа, ке с) - нен, нан, дан, тан д) - ның, нің, дың, дің

ҮЙ ТАПСЫРМАСЫ:

«БІЗ БОЛАШАҚТА ҚАНДАЙ ЖҰМЫС  
ІСТЕЙМІЗ?» ТАҚЫРЫБЫНА МӘТІН ҚҰРАУ



◎ **Кері байланыс:** орындалған тапсырманы оқушылар төменде көрсетілген электронды почта немесе WatsAPP мобильді қосымшасына жіберіңіздер.

- ◎ Электронды почта [dj.akerke@mail.ru](mailto:dj.akerke@mail.ru)
- ◎ WatsAPP нөмірі: 87021118190